№89 (20363)

# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 маусым, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz




ПРЕЗИДЕНТ

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ

**Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай құру туралы Жарлыққа қол қойып, оның ережесі мен құрамын бекітті.**

Жаңа қоғамдық институттың құрамына белгілі композитор, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақанов, ақын Мұхтар Шаханов, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, белгілі журналист Сейдахмет Құттықадам, математик ғалым, академик Асқар Жұмаділдаев, экономист Жақсыбек Күлекеев, Парламент депутаттары, саяси партиялардың, бизнестің ірі салалық бірлестіктерінің өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, журналистер, ғалымдар мен спортшылар, қоғам белсенділері кірді. Ұлттық құрылтайға барлығы 117 адам мүше болды.

Құрылтайдың ең басты ерекшелігі – оның құрамына әр өңірдегі қоғамдық кеңестердің бір мүшесі енді. Біздің өңірден облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Қылышбай Бисенов бар.

Президент жаңа құрылымның құрылатыны жайында ең бірінші рет наурыздағы Жолдауында «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады.

Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады.

Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ, оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы еңбеккерлері, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады» деген болатын.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Facebook парақшасында «Барша қазақстандықтар Ұлттық құрылтайдың хатшылығына өз ұсыныстарын жолдай алатын арнайы онлайн-платформа құрылғанын айрықша атап айтқым келеді. Осылайша, Ұлттық құрылтай жаңарған Қазақстанды құруға өз үлесін қосқысы келетін азаматтардың жалпыұлттық ұйысуына өзек болады» деп жазды.

МӘМІЛЕ

## ЕҢБЕКШІ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН МЕМОРАНДУМ

**Сейсенбі және сәрсенбі күндері өңірдегі белді мұнай компанияларындағы еңбеккерлер мүддесін қорғауға арналған маңызды кездесулер өтті.**

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдымен «Ақшабұлақ» кен орнына барып, жұмыс барысымен танысты. Өңірдегі барлық өнеркәсіп өндірісінің 70 проценттен астамы мұнай өндіруге тиесілі десек, «ҚазГерМұнай» – мұнай шығару секторындағы ірі компаниялардың бірі.**




Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Компания өткен жылы 1,4 млн тонна мұнай өндірген. Ұжымының лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау көрсету арқылы «ҚазГерМұнай» өз қызметінде едәуір жетістікке жетті. Республикалық «Парыз» байқауының «Ең үздік ұжымдық келісімшарт», «Ең үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациялары бойынша жеңімпаз атанды. «Ақшабұлақ» кен орны директорының орынбасары Бағдат Байділданың айтуынша, компанияда жұмысшы санын қысқарту жүргізілмеген.

– Кәсіпорын елімізде алғашқылардың бірі болып кен орындарын игеру кезінде еңбек өнімділігінің өсуіне, материалдық ресурстар мен күрделі шығындарды қысқартуға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағыттаған «ақылды» технологияларды енгізді. Жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын жақсарту, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және табысын арттыру басты назарда. Қазіргі таңда мұнда 731 адам жұмыс істейді. Мұнай өндіру көлемі қысқарғанымен, жұмыс көлемі азайған жоқ. Қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы да үнемі бақылауда, – дейді Б.Байділда.

Сондай-ақ, кәсіпорын өңірімізді табиғи газбен үздіксіз қамтамасыз етуге үлкен үлес қосып отыр. Үйлердегі жылу мен жарық, автомобиль көлігіне отын, өңірдегі кәсіпорындар мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін газбен жабдықтауда «ҚазГерМұнай»-дың айтарлықтай еңбегі бар.

Дегенмен, кен орындарының сарқылуына байланысты мұнай өндірісінің көлемі жылдан-жылға қысқарып келеді. Биыл да өндіру көлемі 3,5 млн тоннаға дейін қысқарады деп күтілуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 700 мың тоннаға төмен. Кен орнын аралаған аймақ басшысы бұл жағдай облыс тұрғындарына да елеулі әсер ететінін атап өтті.

2-бет

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

## Медицина мамандары барлық құрметке лайық

**Елімізде жыл сайын маусымның үшінші жексенбісінде медицина қызметкері күні аталып өтіледі. «Бірінші байлық – денсаулық» десек, адам саулығының сақшылары – дәрігерлер қауымы қандай құрметке де лайық. Екі жылға созылған пандемиямен күрес барысында адамзат баласы медицина мамандарының өлшеусіз еңбегі мен көзсіз ерлігіне тәнті болып, қадірін түсінгені анық. Індетпен күрес ақ халатты абзал жандарға өзге де мамандық иелері секілді кәсіби мерекелерін ауқымды түрде атап өтуге бөгет болды. Алайда биыл дәстүрлі мереке өз жалғасын тапты әрі ерекше сипатта салтанат құрды.**

**Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**





Оның дәлелі – кеше Н.Бекежанов атындағы музыкалық академиялық драма театрда өткен медицина қызметкері күніне арналған «Еңбегіміз туған ел, саған!» атты салтанатты шара. Кәсіби мерекелік шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев саулық сақшыларын құттықтап, салада атқарылған бірқатар жұмыстарға тоқталды.

– Әлемде қанша мамандық болса, олардың әрқайсысының адамзат үшін өз маңызы бар. Десек те, кез келген сәтте адам өміріне араша болатын ақ халатты абзал жандардың орны ерекше. Дәрігер мамандығын таңдауға үлкен жүрек керек. Сонан соң сүйіспеншілігің мен өзіңе деген сенімің болуы қажет. Өйткені, өлім мен өмір арасындағы жанталастың жауабын нағыз дәрігер ғана дөп басады. Адам денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқатты емдеу мен аурудың алдын алу жауапкершілігін кездейсоқ кісі атқара алмайды. Рас, ұлт денсаулығын нығайту – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі әрі басты бағыты. Соның арқасында өмір сүру ұзақтығының артуына, ана мен бала өлімінің төмендеуіне ықпал етті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дәстүрлі Жолдауында денсаулық сақтау саласының тиімділігін арттыру үшін медицина саласына қомақты қаржы құюды, бұл қаражаттың инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуға тиістігін айрықша атап өтті. Бұл тұрғыда аймақта бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылуда, – деді облыс әкімі.

Қазіргі кезде облыс халқына 2557 дәрігер, 9443 орта буынды маман қызмет көрсетеді. Уақыттың ағымымен медицинаның мүмкіндігі қатар дамып келеді. Соған сай мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек түрлері сапалық жағынан жақсара түсті. Оның бір ғана дәлелі – өңірдегі 804 124 тұрғынға 18 стационарлық, 21 амбулаториялық-емханалық медицина ұйымының қызмет етуі.

2-бет

БӘРЕКЕЛДІ

## Ерасыл – Әлем чемпионы

**Мұхиттың арғы бетіндегі Мексиканың Леон қаласынан ақжолтай хабар келіп жетті. Ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында қызылордалық Ерасыл Сәулебеков 67 келі салмақта жеңіс тұғырына көтерілді. Ол қоссайыстың қорытындысымен 281 келіні бағындырды.**

Ерасыл 2006 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Ауыр атлетикамен 2013 жылдан бері тұрақты түрде айналысады. 2016-2021 жылдарда жасөспірімдер арасындағы ел біріншілігінде бес мәрте алтын медаль иегері атанса, биыл ересектер арасында ел біріншілігінде күміс жүлде алды.

– Қармақшыда ауыр атлетика бөлімшесі алғаш рет 2009 жылы ашылған еді. Аудан орталығындағы №15 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде тұсауын кескен бөлімшеге уақыт өте келушілер саны көбейді. Солардың қатарында Ерасыл да бар. Ол алғашқы күннен аталған спортқа үлкен қызығушылық білдірді. Көп ұзамай жоғары нәтижелерге қол созды. Ел біріншілігінде бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көрінді. Енді, міне, дүниежүзілік додада тұңғыш мәрте бақ сынап отырса да, жанкүйер үмітін ақтады, – деді Ерасылдың жеке бапкері Айдар Ералиев.

Әлем чемпионатында екінші және үшінші орындар түркиялық Аладин Саин мен польшалық Бартош Бурскиге бұйырды.

Енді Ерасыл 15-25 шілдеде Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында жалауын көтеретін Азия чемпионатына қатысады.

**«СБ» ақпарат**




ӨҢІР ӨНІМІ

## Сырдың балығы – Еуропа нарығында



**Теңізден маржан сүзген жандар бұл күнде өз кәсібін әп-әдемі дөңгелентіп отыр. Сырдың балығы өңірден бөлек республиканың, тіпті Еуропаның бірқатар қалаларына тасымалданып жүр. Шаруашылық аясы кеңіген сайын жергілікті тұрғындардың да тіршілігіне талғажау, бала-шағасына нәпақа болатыны жасырын емес. Сондай берекелі кәсіптің иесі Төребек Игіліков. Ол – аудандық мәслихат депутаты, 100-ге жуық адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырған іскер азамат.**

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»**

– Карантин кезінде зауыт жұмысы тоқтамады. Себебі халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге ешқандай шектеу қойылмады. Баяғы қалыппен күнделікті тірлігімізді жүргіздік. Дегенмен жұмысшылар саны біршама қысқарды. Бірақ бұл шектеудің әсерінен емес. Бір күнде атқарылатын еңбек көлеміне қарай жалақы жазылатын кәсіпте жұмыс ауқымына шыдай алмайтындар да бар. Жаз айларында жұмысшы қолы жетіспей қалып жатады. Көпшілік жеңіл еңбек ету жолын іздейді. Адам жетіспеушілігіне қарамастан, жоспар үдесінен шығып отырдық. Жаңа жобаларды іске қосудамыз, – дейді ол.

Әйтеке би кентіндегі «Балық өңдеу зауыты» жұмысын 2006 жылы бастаған болатын. Сол тұста «Райпотребсоюз» сауда кәсіпорны базасында құрылған еді.

Тұрмыстық үй-жайлар мен зертхана өндірістік кешеннің ішінде орналастырылған. Барлық өндірістік цехтар, тоңазытқыш камералар мен тұрмыстық бөлмелер халықаралық стандарттарға сай жасалған және Еуроодақтың талаптарына сай келеді. Берекелі кәсіпте ілгерілеу байқалып, жаңа ойлар туындайды. Сөйтіп «Көксерке сүбесін қайта өңдеу» зауыты да іске қосылды. Биыл оның халыққа қызмет етіп тұрғанына да бес жыл толады. Құрылысқа және жабдықтарға жұмсалған шығын аз емес. Бүгінде зауыттың қорғалатын арнайы аумағы бар.

Қазіргі кезде көксерке сүбесі Германия, Латвия, Нидерланды және Данияға экспортталады. Мұздатылған көксерке, шортан, ақмарқа жіберіліп тұр.

2012 жылы Балқаш қаласынан 6 дана СМБ-40, жылым қайығы және 60 шағын қайық сатып алынған. Мұнда 60-қа жуық балықшы жұмыспен қамтамасыз етілген және мерзімінде тағы 50-ге жуық жұмысшы балық аулайды.

«Балықшының еңбегі етек-жеңі кепкенше» деген сөз бар. Ықылымнан ырысқа баланған атакәсіпті өшірмей, оны нарық талаптарына бейімдей білген іскер азаматтар қай кезде де елдің жүгін жігерімен көтерері сөзсіз.

Қазалы ауданы

ҮКІМЕТ

# Сыр өңірі үздік үштікте

**Үкіметтің кезекті отырысында еліміздің биылғы қаңтар-мамыр айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және республикалық бюджеттің орындалуы қаралды. Жиында Сыр өңірі әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша үздік үштікке енгені айтылды.**



ҚР Ұлттық экономика, Қаржы министрлері мен ҚР Ұлттық банкінің төрағасы баяндама жасады. Баяндамада өңірлердің жұмысына талдау жасаған ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров өңдеу өнеркәсібін дамыту, ауыл шаруашылығы, құрылыс, тұрғын үйді пайдалануға беру, сауда, көлік инфрақұрылымын дамыту және жеке инвестициялар тарту бойынша аймақтардың жұмысын саралап, Қызылорда облысын 5 ай қорытындысымен әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі 7 көрсеткіші бойынша оң нәтижеге қол жеткізген үздік өңірлер арасында 3-орында орналасқанын айтты. Сондай-ақ, тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша біздің өңір Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан кейін Ақмола облысымен бірге үздік үштікте тұр.

Премьер-Министр экономиканың нақты секторының қарқынды дамуына өңдеу өнеркәсібі айтарлықтай үлес қосатынын жеткізіп, жауапты мемлекеттік органдар мен өңірлердің әкімдеріне осы жұмыс қарқынын сақтауды тапсырды. Ол үшін экономиканы әртараптандыру, инвестициялар тарту және жаңа жұмыс орындарын құруды жалғастыру қажет.

Үкімет жиынынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына негізгі көрсеткіштердегі түсімдерді төмендетпеу және бюджет қаражатын уақытылы игеру, инвестициялық жобаларды көбейту қажет екенін алға тартып, жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, межеленген көрсеткіштерге қол жеткізуді тапсырды.

ТАҒАЙЫНДАУ

## ДЕПАРТАМЕНТКЕ ЖАҢА БАСШЫ

**Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев экономикалық тергеп-тексеру органдарында орын алған кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысын өткізді. Жиынға ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Жеңіс Елемесов қатысты.**



Рашид Темірбеков Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы лауазымынан босатылып, Жамбыл облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Аймақ басшысы Рашид Темірбекұлы қызмет еткен жылдары 9,5 млрд теңге көлемінде мемлекетке келтірілген залалды анықтап, оның 70 пайызын, яғни 6,5 млрд теңгесін мемлекет мүддесіне өндіруге атсалысқанын айтты. Аймақта атқарған зор еңбегі үшін «Құрмет грамотасымен» марапаттады.

Ал, бұл лауазымға Бақыт Қайшыбеков тағайындалды. Облыс басшысы Бақыт Сапарғалиұлының жинақтаған мол тәжірибесін облыстағы экономикалық және қаржылық бұзушылықтардың алдын алуда, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауда және аймағымыздың дамуына өз тарапынан үлес қосады деп сенім білдірді.

Айта кетейік, Бақыт Қайшыбеков жоғары білімді заңгер. 2007-2012 жылдар аралығында Қаржы полициясында түрлі қызметтерде, сондай-ақ, басшылық лауазымдарда болған. 2014-2019 жылдары ҚР Мемлекеттік кірістер органдарында қызмет атқарды. 2019 жылдың маусым айынан ҚР ҚМ Қаржы мониторинг комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басшысы, 2020 жылдан бастап Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басшысы қызметін атқарып келді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

БРИФИНГ

# Әскерге шақыру науқаны жалғасуда

Облыста көктемгі мерзімді әскерге шақыру науқаны жүргізілуде. ҚР Қарулы күштері және басқа да әскери құрылымдарға 700-ге жуық қызылордалық азамат әскери борышын өтеуге аттанады. Қазіргі уақытта ҚР ҰҚК Шекара қызметіне 130-ға жуық, ҚР Қарулы күштері қатарына 300-ге жуық азамат жөнелтілді. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Алмат Жақыпов хабарлады.

– Аймақ азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру барысы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Талаптар мен міндеттемелер ұдайы түсіндіріліп, облыстық жиын пункті жанынан қоғамдық қабылдау ұйымдастырылады. Облыс әкімдігінің қаулысы негізінде облыстық жиын пунктінен және теміржол станциясынан сарбаздарды шығарып салу барысында қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полиция қызметкерлері жұмылдырылған. Сонымен қатар қала және аудандарда медициналық комиссиялар толығымен тәжірибелі мамандармен қамтамасыз етілген, – деді департамент бастығының орынбасары.

# ЕҢБЕКШІ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН МЕМОРАНДУМ

– Қазіргі таңда мұнай-газ саласында 10 мыңға жуық адам жұмыс жасайды. Егер бізде облыс бойынша орташа отбасылық коэффициент 5-ке жуық екенін ескерсек, бұл бүгінде кемінде 55 мың адамның әл-ауқаты мұнай саласындағы жағдайға тікелей байланысты деген сөз. Оған қоса, бұл жағдай мұнай өндіруші компанияларға арнайы киім тігу, тамақпен қамтамасыз ету және басқа да сервистік қызмет көрсететін мекемелердің жағдайына да кері әсерін тигізеді. Біз үшін мұнай-газ секторы – халықты жұмыспен қамтып, табысын қамтамасыз ететін негізгі көздің бірі. Сондықтан, мемлекеттік органдар мен мұнай өндіруші компаниялар бірлесіп жаңа кен орындарын барлау жұмыстарын белсенді жалғастыруымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Айта кетерлігі, бұл бағытта Үкімет қабылдаған Кешенді жоспар аясында геологиялық зерттеу жұмыстары жүруде. Былтыр басталған «Шу-Сарысу» шөгінді бассейнін зерттеу жұмыстары биыл аяқталады. Нәтижесінде келесі жылы жаңа кен орындарын барлау жеке компанияларға берілетін болады. Сондай-ақ, биыл «Арал» шөгінді бассейнінің батыс және шығыс бөліктеріне геологиялық зерттеу жұмыстарын бастауға республикалық бюджеттен қаржы бөлінген. Жұмыстар 2024 жылы аяқталады.

Бұдан басқа, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы «Торғай-Палеозой» учаскесінде тереңдігі 5,5 мың метр ұңғыманы бұрғылауды жоспарлап отыр. Осы жұмыстардың нәтижесі облыс көлемінде мұнай саласында жұмыс орындарын сақтап қалуға, жұмыскерлердің табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, облыс басшысы «ҚазГерМұнай» кәсіпорнындағы еңбек ұжымымен де кездесті. Қазіргі таңда мұнай-газ секторындағы компанияларда жұмысшылардың жалақысын қысқартпау, оларға әлеуметтік қолдау көрсету өте өзекті. Кейінгі уақытта қызметкерлердің еңбек шартының сақталуы, оларға әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеу мәселелері қоғамда жиі көтеріліп келеді.

Осы және басқа да өзекті мәселелерді оңтайлы бағытта шешуді мақсат еткен жиында облыс әкімі кәсіпорындағы 200-ге жуық маманмен пікірлесті. Кез келген компания басшылығы жұмысшылар мәселесіне келгенде шиеленіске жол бермей, жұмыс орындарын қысқартпай, тұрақты түрде сақтап қалу үшін оңтайлы шешім қабылдауы қажет екенін алға тартты.

– Бүгін біз облыс әкімдігі, жұмыс беруші және кәсіподақ арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға жиналып отырмыз. Басты мақсат – еңбек ұжымындағы әлеуметтік жағдай мен өндірістік процестердің тұрақтылығын, жұмыс орындарын сақтау және персоналды жұмыспен қамтуды іске асыратын шараларды қабылдау. Осы ретте, облыстағы әрбір жұмыс беруші қызметкерлеріне қолайлы еңбек жағдайларын жасап, жалақыны кезең-кезеңімен көбейтуде нақты шаралар қабылдауы тиіс. Біз түрлі ұжымдар арасындағы кез келген әлеуметтік мәселелерді орнықты түрде шешуіміз қажет. Бұл ретте кәсіпорын мен әкімдіктің мүддесі ортақ болуы керек, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиында компанияның бас директоры Лю Шаою және бас директорының бірінші орынбасары Нұржан Әбдірахманов сөз алып, кәсіпорын тарапынан атқарылған негізгі жұмыстарды айтты. Өз кезегінде аймақ басшысы қызмет көрсететін кәсіпорындардың тарифін ұлғайту мәселесін көтеріп, әріптестерінен мүмкіндігіне қарай, мәселені тиімді шешу жолын қарастыруды ұсынды.

Сондай-ақ, «ҚазГерМұнай» кәсіпорны кәсіподақ төрағасы Қажымұқан Сейілханұлы ұжым қызметкерлерінің мүдделерін қорғау және еңбек қатынастарына байланысты ойларын ортаға салды.

Кездесу аясында облыс әкімдігі мен компания бірлескен меморандумға қол қойды. Нәтижесінде бұдан былай компания кезең-кезеңімен жұмыс-

1-бет

шылардың еңбекақысын көбейтіп, тарифті көтеруге басымдық береді. Сондай-ақ, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бағытының жалғасы ретінде «ҚазГерМұнай» кәсіпорны «Оқушылар сарайын» салып беруді өз міндетіне алды.

Айта кетейік, облыс әкімі мен компания басшылары арасындағы келіссөздер нәтижесінде аймақтағы 38 кәсіпорында 8 мыңнан аса жұмыскердің жалақысы 50 процентке дейін көбейді.

### БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

**Осыған дейін де мұнай-газ секторы қызметкерлері арасында еңбек шартының сақталуы, оларға әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеу мәселелері қоғамда жиі көтерілген болатын. Түйткілді жағдайдың түйіні тарқатылды. Облыс әкімдігі мен мұнай-газ компанияларының бірлескен меморандумының кезекті қол қою рәсімі А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өтті. Мұнда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ ұжымымен кездесіп, өзара ынтымақтастық туралы келісім-шартқа отырды.**



Жиын барысында «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ президенті Ян Миньюй компанияның атқарып жатқан жұмыстары жайлы хабардар етті. Өткен жылы «ПетроҚазақстан Инк» 1127 мың тонна, оның ішінде «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 649 мың тонна мұнай өндірген. Өндірілген өнімнің 70 проценті ішкі нарыққа жөнелтілген. Кен орындарының азаюына қарамастан, компания алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруда. Жаңа бұрғылау орындарын ашу үшін барлау жұмыстарына рұқсат алу, қорды молайту, бұрыннан бар бұрғылау аумақтарын кеңейту сынды тірліктер – алдағы күннің еншісіндегі шаруа.

– Компанияда қазіргі таңда 1500-ге жуық адам болса, оның 84 проценті – ерлер. Қаржылық қиындықтарға қарамастан қызметкерлер қысқармады. Жыл сайын олардың еңбекақысын көтеру мәселесі жолға қойылып келеді. Биылғы сәуірден бастап мекеме жұмысшыларының айлығы 30%-ке өсті. Кейінгі 10 жыл ішінде қайырымдылық шарасына 10,5 млрд теңге бөлді. Өткен жылы 20 әлеуметтік жобаны іске асырды. Ірі жобалар ішінде Қазалы ауданындағы «Шапағат» мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталығы мен Жаңақорғандағы аз қамтылған отбасыларының балаларына арналған «Балдәурен» балабақшасы бар. Сондай-ақ, «Атамекен» ауылының балаларына қаржылай көмек беруді де жалғастырып келеді, – деді акционерлік қоғам президенті.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бақытжан Мұқашева кәсіподақ тарапынан еңбеккерлерге қандай көмек берілетінін атап өтті. Айталық компаниядағы 1490 қызметкердің 1415-і кәсіподақ мүшелігіне кірген. Оның құрылымында 41 цехтық комитет бар.

– 2009 жылдан бастап ұжымдық шарттың 11-бабында қамтылған негізгі әлеуметтік пакет жаңа ұжымдық шарт жасаудың әрбір кезеңінде кеңейе бастады. 2019 жылғы 29 маусымдағы ұжымдық шарт 26 тармақты қамтиды. Мәселен, жұмыскерлердің отбасы мүшелері де назардан тыс қалмайды. 18 жасқа дейінгі 4 және одан көп баласы бар отбасына 40 АЕК, мүгедек баласы барларға әр балаға 100 АЕК-ке дейін, асыраушысынан айырылуына байланысты әр балаға 80 АЕК-ке дейін, студенттерге стипендия төлеу қарастырылған. Санаториялық-курорттық жолдамаларды сатып алу үшін компания 50 млн теңге мөлшерінде қаражат бөліп тұрады, жолдама құнының 30%-ін жұмыскер төлейді. Ұжымдық шартта көзделген жеңілдіктер мен өтемақыдан бөлек, кен орны жұмыскерлерін жыл сайын «Манкент» санаторийіне оқуға жіберу туралы келісімге қол жеткізілді, ол жерде оқумен бірге денсаулықтарын сауықтыра алады. Бүгінде санаторийге жіберілетін 300-ге жуық жұмыскер қалды. Оларға демалысқа шыққан кезде көзделген төлемдерден басқа, жалақы мөлшеріне қарай сауықтыруға 400-ден 800 мың теңгеге дейін қосымша материалдық көмек төленеді, – деді ол.

Мұнайшылармен кездесуде облыс әкімі меморандумға қол қоюдағы мақсат – жұмыс орындарын қысқартпау, жалақыны кезең-кезеңімен көтеру, қызметкерлердің жағдайын жасау екеніне тоқталды. Мемлекеттік органдар мен мұнай өндіруші компаниялар бірлесіп жаңа кен орындарын барлау жұмыстарын жалғастыру қажеттігін де атап өтті. Осы орайда Үкімет қабылдаған Кешенді жұмыстар аясында геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде жаңа кен орындарын барлау жеке компанияларға берілетінін айтты. Сонымен қатар биыл «Арал» шөгінді бассейнінің батыс және шығыс бөліктерін геологиялық зерттеу жұмыстарын бастауға республикалық бюджеттен қаржы бөлінгенін де тілге тиек етті. Бұл жұмыстар үш жылға жалғасады.



– Осындай ауқымды істер облыс көлеміндегі мұнай саласында жұмыс орындарын сақтап қалуға, олардың табысын арттыруға зор мүмкіндік береді. Облыста әрбір жұмыс беруші қызметкерлеріне қолайлы еңбек жағдайын жасап, жалақыларын кезең-кезеңмен көбейту бойынша шаралар қабылдау қажет. Компаниялардың қызмет барысында туындаған мәселелерінің бірі – сервистік қызмет көрсететін кәсіпорындардың тарифін жоғарылату. Мүмкіндігіне қарай осы мәселені де оңтайлы шешу жолын қарастыру керек, – деді облыс әкімі.

Кездесу барысында облыс әкімдігі, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігі арасында үшжақты келісімге қол қойылды. Бұл меморандум әлеуметтік еңбек жағдайын және өндірістік процестерді тұрақтандыру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын және жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара ынтымақтастыққа жетелейді.

### МҰНАЙ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ

**Облыс орталығындағы «Достық үйінде» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамы ұжымымен кездесті. Онда да еңбек ұжымындағы әлеуметтік-еңбек жағдайы мен өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.**

«Торғай-Петролеум» кәсіпорны – Қазақстанның мұнай шығару секторындағы ірі компаниялардың бірі. 2020 жылы аталған кәсіпорын мұнайдың 16,4%-ін, ал былтыр 36,2%-ін экспорттап, жалпы көлем 2,2 есеге ұлғайған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша компания тарапынан 318,9 мың тонна мұнай өндіріліп, компаниялардың ішіндегі үлесі 7,5%-ті құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция 5,8 млрд теңгеге жетіп, мұнай компаниялары ішіндегі үлесі 7,7% болған.

Кездесуде облыс әкімі еңбекті қоғамның негізгі құндылығы ретінде дәріптеу керектігін, соған байланысты кәсіподаққа ерекше міндет жүктелетінін тілге тиек етті. Осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру үшін әкімдік, жұмыс беруші және кәсіподақ арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Меморандум мақсаты – өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жұмыс орындарын сақтау және персоналды жұмыспен қамту үшін шаралар қабылдау.

– Жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, жағдайын жақсарту және табысын арттыру басты назарда. Бұл тұрғыда «Торғай-Петролеум» компаниясы 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтып, кез келген мәселеде оңтайлы шешім қабылдауда. Осы орайда қоғамда орын алған шиеленіске жол бермей, дер кезінде шешім қабылдау – біздің басты міндетіміз, – деді облыс әкімі.

Мұнан соң кәсіпорынның әлеуметтік міндеттемелерінің орындалу барысы туралы және осы күнге дейінгі атқарылып жатқан жұмыстары туралы айтылды.

– «Торғай-Петролеум» компаниясы Сыр өңірінде 1996 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 26 жыл ішінде кәсіпорын 40 млн тоннадан астам мұнай өндіріп, облыстың әлеуметтік саласының дамуына үлес қосты. Компания үлесінің арқасында өңір экономикасына 250 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Қысқаша айтқанда, компания мұнай өндіру жағынан облыстағы жетекші кәсіпорындардың қатарында, – деді компанияның бас директоры Қайрат Арынғазиев.

«Торғай-Петролеум» компаниясы жоғарыда аталған жұмыстардан бөлек өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, демеушілік, қайырымдылық шараларын ұйымдастырады. Бүгінгі таңда компания аздаған қиындықтарға тап болды. Соған қарамастан әлеуметтік қолдауға, жұмыс орындарын сақтауға және жұмыскерлердің табысын арттыруға ерекше назар аударатынын жеткізді.

### ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТАБЫСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ НАЗАРДА

**А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалы – Қызылорда қосалқы бөлімінің еңбек ұжымымен кездесті.**

Аймақ басшысы теміржол ел экономикасын алға сүйреуші негізгі күш екенін атап өтіп, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын жақсарту, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және табысын арттыру басты назардағы мәселе екенін айтты.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалы – Қызылорда қосалқы бөлімінің басшысы Батырхан Базарбаев кәсіпорынның әлеуметтік міндеттемелерін орындау барысы туралы баяндады. Сондай-ақ, ұжымның кәсіподақ төрағасы Бауыржан Ахметов әлеуметтік міндеттемелерді орындау және қызметкерлердің мүдделерін қорғау, еңбек қатынастарына байланысты туындаған мәселелерді шешу барысы туралы айтты.

– 2021 жылы 8776 теміржолшы 533 млн теңгеден астам әртүрлі деңгейдегі көмекті пайдаланды. Ұжымдық келісім-шартпен қарастырылған мұндай көмектер биыл да өз дәрежесінде көрсетілуде. Меморандум – аймақ теміржолшыларының әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қорғалуына берілген тағы бір мүмкіндік деп білеміз, – деді ұжымның кәсіподақ төрағасы Б.Ахметов.

Айта кетейік, Қызылорда жол бөлімшесі – Сыр өңірінде осыдан 117 жыл бұрын іргетасы қаланып, Қазақстан темір жолдарының қарқынды дамуына лайықты үлес қосып жүрген кәсіпорын. Мұнай-газ, металл, көмір, өнеркәсіптің өзге салаларындағы ірі компаниялардың жүктерін тасымалдауды қамтамасыз ететін кәсіпорын мемлекет қазынасына жыл сайын 1,2 млрд теңге көлемінде салық түсіріп, облыстың 5 мыңнан аса тұрғынын жұмыспен қамтып отыр.

Кездесуде облыс әкімі саланы бүгінгі биік талаптарға сай, бәсекелестікке қабілетті ету басты мақсат екенін атап өтті.

– Әуежай секілді жолаушылар вокзалы да «қаланың қақпасы» іспеттес. Өйткені, сырттан келген қонағымыздың алғаш табаны тигеннен вокзалға қарап қаланы сынайтыны анық. Осыдан отыз шақты жыл бұрын вокзал сол кезеңге сай ғимаратымен ерекшеленсе, заман алға жылжыған сайын талаптар өзгеріп, жаңа ғимарат болуын қажет етеді. Бұл – теміржол вокзалын көз ілеспес шапшаңдықпен өзгеріп жатқан заманға сай жаңғыртып, жаңарту керек деген сөз, – деді облыс басшысы.

Сонымен теміржол саласы қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы мен еңбек шарттарының сақталуы қарастырылған облыс әкімдігі, жұмыс беруші және кәсіподақ арасындағы үшжақты меморандумға қол қойылды.

Жиын соңында аймақ басшысы өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындардың тауарларын тасымалдауда, экспортқа өнімдер шығаруда кәсіпорынның атқаратын қызметінің маңызы зор екенін айтты.

**Биболат СӘТЖАН,**
**Айсәуле ҚАРАПАЕВА,**
**Аружан ЕРАЛЫ,**
**«Сыр бойы»**

# Медицина мамандары барлық құрметке лайық

– Осы жылдың аясында салада айтулы жаңалық жетерлік. Атап айтқанда, Қызылорда қаласы мен Қазалы ауданында жеке медицина ұйымдары өз қаражаттары есебінен 2 МРТ аппаратын орнатып, жұмыс істеуде. Сонымен қатар, 1,9 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар алынатын болады. Оның ішінде 2 компьютерлі томограф аппаратын Қармақшы және Шиелі аудандарына орнату жоспарлануда. Қазалы ауданында 250 келушіге арналған емхана құрылысы аяқталып, жақын арада ашылатын болады. Қызылорда қаласының сол жағалауында жаңа үлгідегі облыстық қан орталығының құрылысын

1-бет

бастауға республикалық бюджеттен 250 млн теңге бөлінді. Мұнан бөлек амбулаториялық қызметтер мен емханалардың жұмысы жаңғыртылды, – деп атап өтті облыс әкімі.

Сондай-ақ, облыс басшысы мамандар біліктілігі, енгізіліп жатқан соңғы, заманауи ем-шаралар мен әдіс-тәсілдерге де тоқталды.

– Отандық медицинаның отыз жылдағы олжасын дертті емдеу деңгейінен-ақ байқауға болады. Айталық, аймақ дәрігерлері ауыр ота жасауда біліктілік дәрежесімен бағаланып отыр. Бұрын шетелде немесе Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында жасалатын күрделі оталар қазір кардиохирургия, офтальмология орталықтары мен көпбейінді балалар ауруханасында өз дәрігерлеріміздің бастамасымен сәтті жүзеге асуда. Мысалы, өткен жылы тері арқылы коронарлық арадасу отасы көпбейінді облыстық аурухана мен Қазалы ауданаралық ауруханасында сәтті жасалды. Бұл жетістік – халықаралық деңгейде табысты бәсекелестікке түсуге жетелеп келеді. Мұны аймақ медицинасының синергиясы деуге болады. Осындай озық істерден кейін медицина қызметкерлерінің қабілет-қарымын қалай құрметтеп, бағаласақ та артық болмайды, – деген облыс басшысы медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, Сыр жұртшылығы атынан алғыс айтты.

Салтанатты шарада бірқатар үздік қызметкерлер облыс әкімінің «Алғыс хатын» алса, бірқатар сала ардагеріне «Еңбек ардагері» медалі табысталды. Сонымен бірге дәрігерлер «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталды. Оған қоса салтанат сахнасында өңірдің «Медицина үздіктеріне» 10 номинация бойынша облыс әкімінің арнайы 500 мың теңгелік сертификаттары табысталды. Атап айтқанда, қалалық №1 емхана бас дәрігері Рахима Сералиева «Үздік менеджер» номинациясын иеленсе, көпбейінді облыстық аурухананың анестезиолог-реаниматолог дәрігері Бейбіт Тоқсанбаев «Үздік аурухана дәрігері» атанды. Қалалық №3 емхананың жалпы тәжірибелік дәрігері Жанерке Жақсылық «Үздік бастапқы медициналық-санитарлық ұйым дәрігері» атағына ие болды.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға жалғасты. Бұл жолғы ерекшелік – дәрігерлер ақ халаттарын сахналық киімге, тонометр мен қандауырды микрофонға айырбастап, әріптестеріне арнап ән салып, жырдан шашу шашты. Сыр елінің өнер жұлдызы, белгілі ақын, әнші Елена Әбдіхалықова медицина қызметкерлерінің қуанышына ортақтасып, дәрігерлермен бірге ән шырқап, мереке көркін қыздырды.

# Ғалымның ғибратты жолы

**Асылы, дүние дидарында адам баласы үшін ұстаз деген ұлы есімнің орны қашан да биік қой. Бағымыз болар, біз ғажап ұстаздарды көрдік.**

**Олар салған сара жолда санадан өшпес, ізгіліктің ізі қалған ғажап дәстүр бар. Сондықтан болар, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева дәріс оқыған аудиторияларда сабақ беру абырой ғана емес, үлкен жауапкершілік те жүктейді. Ғасырлардың үнін, ұлттың үмітін, сөз өнерін аманаттаған ұлт зиялыларының жолынан жаңылмасақ, ақиқатынан айнымасақ деймін.**



Алаң көңілім кей кезде «осы бір сәтте сол ағай-апайларымыз болса қандай шешім қабылдар еді?» деп ұлы ұстаздардың көзін көрген, бірге қызмет еткен, кеше мен бүгіннің ойын жалғар алтын арқау ағаларды іздейді. Сол ардақты аға әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, белгілі әдебиеттанушы-ғалым, ұлағатты ұстазым – Жолдас Мәмбетов. Ресмилендірмей, шәкірттерінің жүрегіндегі риясыз көңілмен айтсам, Жолдас ағай.

Көне ғасырлардың куәсіндей болған Жаңақорғанда кіндік қаны тамған Жолдас ағай балалық шағынан-ақ білімге құштар болды. Сұлу Сырдың бойында кемел ойдың дариясындай болып аққан жыр жампоздарының өсиетін көңілге тоқып, сүлейлерді тыңдап өсті. Ата-анасының ақ тілеуімен тәрбиенің тал бесігінде тербелді.

Ол орта мектепті кеңес өкіметінің керенау саясаты кенеріне сыймай тұрған шағында тәмамдады. Бірақ, коммунизм орнатамыз деп ұрандатқан биліктің қазаққа әкелген қасіретін бозбала шағында-ақ бар болмысымен сезінген. Сезінгені сол болар, оның аты-жөні комсомол қатарына қабылданған жастардың тізімінен табылмады. Оған саналы түрде кірмеді. Дүрмекке ере бермес қайсар мінез, турашылдық Жолдас ағайдың жан дүниесінде осы кезден-ақ бұлқынатын. Парасат-пайымыңды партия мүшесі болумен бағамдап, бұл қатардан табылмасаң болашағың бұлыңғырлау болатын сәттерде де ол өз көзқарасынан айныған емес.

Мектеп бітірген соң ел тірлігіне араласып, екі жылдай құрылысшы да болды. Әскерге барып, азаматтық борышын өтегені тағы бар. Алайда білім шыңдасам, орта көрсем, үлкен ғалымдардың тағылымын алсам деген аласармас арман жүрек түкпірінде жататын.

Ормахан әкенің ақ батасын алған соң қазақ білімінің қарашаңырағы – КазГУ-дың дайындық курсына қабылданды. Осы жерде ой түзеді, бой түзеді. Ақылына білімін серік қылған көп жастың көшбасшысы болды. Келесі жылдың сыйлаған тағы бір керемет сәті – филология факультетінің студенті деген мәртебе. Бұл Жолдас ағайдың көптен күткен қуанышы еді. Даңқы дүниеге мәлім Мұхтар Әуезовтің өзі дәріс оқыған жерден жан азығын алсам деп келген үміті ақталып, араб бөліміне қабылданды. Атағы аңызға айналып тұрған бұл бөлімнің бір артықшылығы, тек тіл меңгертумен ғана шектелмей, әдеби жәдігерлерді түпнұсқадан зерделеуге зейін қоятын. Жаһан дүниеге жол ашар дипломат деген дәргейге жеткізетін де осы бөлімнің білімі еді. Жолдас ағайдың қазақ тілі мен әдебиетінің кәусарынан қанып ішіп, асыл арналарына үңілгені осы шақ. Дана Абай «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп қалай дөп айтқан. Жолдас ағай да З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева, С.Мырзабеков, М.Томанов, Б.Сағындықов, А.Айғабылов, Ж.Дәдебаев сынды ұлағатты ұстаздардан білім алды, тәлімін көрді. Лепісі қазақ руханиятын қанаттандыратын нартұлғалардың әр сабағы телегей теңіз білім ғана емес, тектілік пен адамгершіліктің алтын діңгегі екенін сезінді.

Иә, бұның бәрі – өмір мектебінің жарқын парақтары. Оқу бітіргеннен кейін еңбек жолын Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Октябрь орта мектебінде мұғалім болып бастады.

Еліміздегі ең таңдаулы оқу орнын жақсы бітірген Жолдас ағайға жоғары оқу орындары да қолқа салған. Алайда алдындағы үлкен мақсат мектептегі шәкірттердің жүрегіне ұлттық құндылықтың дәнін ексем деген тілектің үстінде еді. Әдебиет әлемінің әсемдігін әр қазақтың баласы білсе деген ниеті де Алматыдан алысқа ұзатпай, жыл өткен соң арманының ақ желкені болған университетке оралды. Кафедраға аға оқытушы болып қабылданды. Бұл елдің еңсесі түсіп, тығырыққа тірелген тоқсаныншы жылдар болатын. Білім ғана емес, бар саланың берекесі кетіп, бас қайғы болған алмағайып уақытта да ол өз мақсатынан айныған жоқ.

Тоқсаныншы жылдардың басында біз де жоғары курсқа жетіп жығылғанбыз. Арнаулы курстардың бірінің семинарын Жолдас ағай жүргізетінін естігенде қатты қуандық. Бұрын бір жатақханада тұрған аға достың сабағында арқа-басымыз кеңіп, өткен-кеткенді еске алар әңгіме тиегін ағытармыз деген үміт де жоқ емес. Не керек, тағатсыздана күткен сәтіміз де келді. Аудиторияға кірген ағай бәрімізбен емен-жарқын амандасып, хал-жағдайымызды сұраған соң тез сабақ тізгінін алды. Сол алғашқы сабақта-ақ бізді ойының тереңдігімен, шешендігімен ғажап бір күйге енгізіп кеткен. Көп адам тәуекел ете бермейтін теорияны терең меңгергеніне таңғалғанбыз. Енді алғашқы сабақты қалай күтсек, бұдан кейінгі сабақтарды да асыға күтетін болдық. Тек бір айырмашылығы, бұл күткен адамымыз – терең білімді, әділетті, әдебиет әлеміне жан дүниесімен берілген Жолдас ағай болатын.

Жолдас ағай осы жылдары академик-жазушы, ұлағатты ұстаз Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмысын бастаған. Қабдоловтай тау тұлғадан тақырып бекіту бақытының да бәріне бұйырмасы анық қой. Үлкен жүректі ұстаздың сеніміне сызат түсірмей, ғылым мұхитынан әдебиеттің асыл жауһарларын жинауға асықты. Осы жолдағы ізденістері оқытушылық жолымен жалғасып, 1997-1999 жылдар аралығында филология факультеті деканының орынбасары қызметін де абыроймен атқарды. Кандидаттық диссертациясы Жұбан Молдағалиевтің ақындық шеберлігіне арналды. Жазар дүниесіне үлкен дайындықпен келген Жолдас ағайдың тұжырымдары оның зерттеушілік қырын да әдебиетші қауымға паш етті. Махамбеттің «мені» мұнарланған шақта «Мен – қазақпын!» деп қазақтың намысын жаныған Жұбан ақынның өлеңдеріне терең талдау жасады. Жұбан ақын мұрасын зерделеуге Жолдас ағайдай жаны таза жан ғана жанаса алатындығы анық еді. Ол осы зерттеуімен кеңес билігіне өз ойын ірікпей айтқан көрнекті ақынның жыр күмбезін жоғары көтерді. Ғалым ақын шығармаларын талдай отырып: «Біздіңше азаттық идеясының желісі үзілмеді. Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжандар шейіт болса да, олардың ой-пікірін астарлап болса да, бізге әкелуші Қасымдар мен Жұбандар болды» деп азаматтық кредосын да айқын аңғартты. Аңғарған адамға бұл жолдар өз тақырыбының көкжиегіне көзі жетпес қасаң пікір емес, қазақтың қилы тағдырын толғаған тиянақты тұжырым еді. Осы зерттеуінде: «Заманмен кереғар болып, онымен ашық тартысқа түсудің соңы неге апарып соқтыратынын әрине, ақын жақсы білді. Сондықтан да ол қытымыр империялық саясатпен ымыраға келе отырып, замана қайшылығын көркем образдар арқылы астарлай жеткізудің өзіндік жолын тапты» деп ақын мұрасына әділ баға берді. Қазақ халқының рухын көтерген Жұбан жырларының көркемдік қырларына үңілді. Тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, өлеңдерінің жазылу тарихы да ғалымның сарабдал ойымен қорытындыланды. Ақын қаламынан туған өлеңдердің әр жолы зерттеушінің назарынан тыс қалған жоқ. Сондықтан болар, Жұбан жырларын, оның ақындық дәстүрін зерделеген еңбектердің арасынан Жолдас ағайдың еңбегі жарқырай көрінді.

Ол қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны, теориясына қатысты құнды зерттеу монографияларын жазды. Әсіресе, «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» атты еңбегінде суреткерлердің шеберлігі, талғам таразысы, соған сай сөз саптауы, айналада болып жатқан құбылысты түйсінуі терең талданды. Бұл бағытта жазылған еңбектерді қазақ тілінде таба алмай дағдарған адам аз емес. Платон, Аристотель, Лессинг еңбектеріндегі ой-тұжырымды әлі де болса орыс тілі арқылы оқып, сол тілдің ерекшеліктері негізінде танып жүргеніміз анық. Сондықтан, адамзаттың арғы замандарынан бастау алатын эстетикалық танымды төл тілімізде түсіндірген толымды еңбектердің бірі осы зерттеу деп бағамдасақ, қателеспеспіз.

Жолдас ағайдың тағы бір іргелі зерттеуі саналы ғұмырын Қытай Халық Республикасында өткізген жазушы, фольклорист, этнограф Зейнолла Сәніктің шығармашылығына арналды. Ол тағдырдың жазуымен өмірі өзге мемлекеттің тыныс-тіршілігімен ағып жатса да, ой өзегі ұлтынан ажырамаған асыл азаматтың әдеби мұрасын ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты талдады. Қаламгер шығармашылығын зерделей отырып, қазақ әдебиеті деп айтар тұғырлы ойдың өлшемі тек өз шекарамызда ғана қалып қоймай, қандастарымыз өмір сүріп жатқан кеңістіктен де іздеудің өзектілігіне ой салады. Ғалым қазір екі мемлекет болып отырған Корей елінің тарихын пайымдай отырып: «Оларда ұлт идеологиялық принцип бойынша бөлінгендіктен, біртұтас ұлттың әдебиетінің де екіге жарылуына әкеп соқтырды... Ал біздегі жағдай оларға қарағанда сәл де болса басқашарақ. Бізде екі алып мемлекеттің ықпалымен біртұтас ұлт екіге бөлінгенімен, әлі күнге дейін олардың арасындағы көзқарастар, дәстүр мен салт өзгешелікке ұшырай қойған жоқ. Сондықтан да Қытайдан көшіп келіп жатқан қандас ағайындар атамекенге тез сіңіп, араласып, өз орындарын тауып жатуы соның белгісі деп білеміз. Оның үстіне қанша жылдар бойы басқа мемлекетте өмір сүрсе де, мемлекеттік идеологияның әсерінен гөрі олардың жүректерінде сақталған ұлттық қасиеттер, ұлттық дүниетаным әлдеқайда жоғары екені байқалды» деп тұжырымдайды. Жолдас ағай қаламгер мұрасын талдау арқылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген рухани қазынаның тағы бір қайнар көзіне үңіледі. Бұл қайнардың қазақтың сөз өнері, салт-санасы мен тәлім-тәрбиесінің сарқылмас бұлағы екенін есімізге тағы бір мәрте салады. Ғалым жазушы шығармашылығын тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыдан зерделеп, тың тұжырымдар жасаған. Суреткердің әңгімелері мен хикаяттарының көркемдік ерекшелігі, дәуір шындығы жан-жақты талданады.

Ғалым еңбектерінде қазақ әдебиетінің тарихы мен даму бағыттары әр қырынан талданған. «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның көріністері», «Қорқыт ата» дастанының түркі халықтары әдебиеттануында зерттелуі», «Нәзір Төреқұлұлы», «Жүсіпбек Аймауытов – сыншы», «Мұхтар Әуезов шығармаларының түрік тіліне аударылуы жайынан», «Еркекте ақыл қала ма, өз қонысынан ауған соң» (Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы хақында), т.б. ғылыми мақалалары мен әдеби толғамдарындағы тың тұжырымдар түркілік идеялардың темірқазығы болар ортақ ойларды айшықтауымен құнды.

Жолдас ағайдың зерттеулерінің тағы бір арнасы – әдеби-сын жанры. Ғалымның қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттарын барлаған пайымдаулары поэзия патшалығының табиғатын талдауға тосыннан қосылмағандығын аңғартады.

Ұстаз өзінің оқу-ағарту саласындағы іс-тәжірибелерін ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында қазақ тілі мен әдебиеті зертханасының меңгерушісі қызметінде абыроймен жүзеге асырды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Сүлеймен Демирел университетінде еңбек еткен жылдарында да ұлт руханиятының, қазақ әдебиетінің жанашыры, шәкірттерінің аяулы ұстазы болды. Қазақ ғылымының қарашаңырағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында да өнімді еңбек етті. Жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістерден тысқары қалмай, «Студенттердің өздік жұмыстарының сапасын арттырудың жолдары», «Еліміздің жоғары мектептеріндегі кредиттік жүйемен оқытудың кейбір ерекшеліктері» мақалаларында өз ойын ортаға салып, жүйелі талдау жасады.

Осы бір шағын мақалада Жолдас ағайдың қаламынан туған құнды зерттеулердің қақпасын ғана ашқандай болдым. Жоғарыда шолып өткен еңбектер соның бір парасы ғана...

Жолдас ағай – алдына аландайтын, артына қарайлайтын ұстаз. Көрнекті қаламгер Ә.Кекілбайұлының «Шәкірттік сезімін ұмытқан адам ұстаз бола алмайды» деген қанатты сөзі оның өмірлік ұстанымына айналған асыл қасиет. Адалдықты ту еткен абзал ағаның ұлағатты ұстаздар З.Қабдолов, Ә.Дербісәлі, А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев туралы жазған мақалалары да – ойлы адамның жанына азық болар өнеге. Ұстаздары жайлы толғанған өзі де мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, қанат қақтырды. Сол шәкірттің бірі – өзім. Қазір әріптес інісі ретінде де аңғаратыным, ағайдың аманшылығын сұрап, сағынышқа толы сәттерін еске алар шәкіртінің көптігі. Ал, шәкірті іздеген, шәкірті сағынған ұстаз – ең бақытты ұстаз ғой.

Ағай туралы бір үзік сырды, ой-толғанысты әзірше, осылай тарқаттым. Жарық күнді алпыс жыл айналған Жер-Ана бұл күні Жолдас ағайды абырой биігіне көтеріп отыр. Ол бұл биікке өзінің терең білімімен, қарапайымдылығымен, адами қасиеттерімен жетті. Оның еңбектері, өмірлік ұстанымы аға буынның аманатын жеткізіп, жақсы дәстүрдің дәнін еккен диқандай бізге де үлгі болары сөзсіз. Сөз өнерінің, ұлт әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым, айтар ойы айқын Жолдас ағайдың алпыс деген ауылға апарғалы отырған ой қазынасы ортаймасын деймін.

**Самал ДӘРІБАЙҰЛЫ**

## 01.05.2022 жыл бойынша Қызылорда облысының қаржы нарығының жағдайы туралы

### Тұтыну бағаларының индексі

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ақпаратына сәйкес 2022 жылдың сәуір айына республика бойынша инфляция 2,0%-ды (аймақ бойынша – 2,0%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 3,1%-ға (аймақ бойынша – 3,1%), азық-түлік емес тауарларға – 1,2%-ға (аймақ бойынша – 0,9%) өсті, ал ақылы қызметтерге – 1,0%-ды (аймақ бойынша – 1,5%) құрады.

Жылдық инфляция 13,2%-ды (аймақ бойынша – 12,4%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 17,9%-ға (аймақ бойынша – 16,4%), азық-түлік емес тауарларға – 11,1%-ға (аймақ бойынша – 11,1%) және ақылы қызметтерге – 8,9%-ға (аймақ бойынша – 8,0%) өсті.

### Банк секторы

2022 жылдың 1 мамыр деңгейінде Қызылорда облысы аумағында 10 екінші деңгейлі банктердің 11 филиалдары, 1 «Қазпошта» АҚ филиалы, 2 уәкілетті ұйым, 11 микроқаржы ұйымдары, 8 несие серіктестігі, 4 ломбард қызмет атқарды.

Айырбас пункттердің жалпы саны 58, оның 42-сі екінші деңгейдегі банк филиалдарының айырбас пункттері, 14 – «Қазпошта» АҚ айырбас пункттері және 2 уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері.

### Банктегі депозиттер

2022 жылдың 1 мамыр деңгейінде облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,4%-ға өсіп, 165,7 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 27,4 млрд. теңгені (-6,1%) төмендеді. Жеке тұлғалардың салымдары 4,4%-ға дейін өсіп, 138,3 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 5,7%-ға өсіп, 128,0 млрд. теңгені құраса, шетел валютасында 7,2%-ға төмендеп, 37,7 млрд. теңгені құрады. Теңгедегі депозиттер үлесі 77,2%, шетел валютасындағы үлесі 22,8%.

2022 жылдың сәуір айында ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшері 7,4% (2021 ж. сәуір айында 6,9%), ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша – 1,2% (2021 ж. сәуір айында 1,0%) құрады.

Талап ету мен қысқа мерзімді салымдар 92,0 млрд. теңгені құрады, бұл көрсеткіш сәйкес кезеңмен салыстырғанда 15,6%-ға өсті. Ұзақ мерзімді депозиттер бойынша өсім 1,1%-ды құрап, 73,7 млрд. теңгеге төмендеді.

### Банктердің экономикаға несиесі

2022 жылдың 1 мамыр деңгейіне банктердің экономиканы несиелеу көлемі 343,1 млрд. теңгені құрады (2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,3%-ға өскен).

Жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемі 31,1%-ға артып, 314,0 млрд. теңгені құрады, заңды тұлғалардың несиелері 51,9%-ға, 29,1 млрд. теңгеге дейін төмендеді.

Қысқа мерзімді несиелердің көлемі сәйкес кезеңмен салыстырғанда 38,6%-ға өсіп, 26,2 млрд. теңгеге тең болды, ұзақ мерзімді несиелердің көлемі – 12,7%-ға артып, 316,9 млрд. теңгеге дейін өсті.

Ұлттық валютадағы негізгі қарыз өткен жылмен салыстырғанда 26,1%-ға өсіп, 342,2 млрд. теңгені құрады. Шетел валютасында 96,8%-ға төмендеуін атап өтуге болады. Шетел валютасындағы берешек 0,9 млрд. теңгені құрады. Ұлттық валютадағы үлесі – 99,7%, шетел валютасындағы үлесі – 0,3%.

Кіші кәсіпкерлікке берілген несиелер бойынша нақты қарыз 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 42,7%-ға өсіп, 50,3 млрд. теңгені құрады, жалпы қарыздан үлес салмағы – 14,7%-ды құрады, ал 2021 жылы үлес салмағы – 11,7% құрады.

Тұтынушылық мақсатына берілген несиелер көлемі 19,8%-ға өсіп, 211,4 млрд. теңгені құрады, жалпы қарыздан үлес салмағы – 61,6%-ды құрап (2021 жылдың сәуір айында жалпы қарыздан үлес салмағы – 58,8% құрады).

Ипотекалық несиелердің негізгі қарыздың өсімі 43,8%-ға өсіп, 51,9 млрд. теңгені құрады, жалпы қарыздан үлес салмағы – 14,6%-ды құрап (2021 жылдың сәуір айында үлес салмағы – 11,7%).

Несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер 9,9 млрд. теңгені (2,4%-ға төмендеген) құрады. Негізгі қарыздың несиелер бойынша мерзімі өткен берешектердің үлесі 2,9%-ды құрады (3,2%-ға төмендеген).

### Нақты шетел валютасының нарығы

2022 жылдың қаңтар-сәуір айында айырбастау пункттері 43,6 млн. АҚШ долларын сатып, 21,7 млн. АҚШ долларын сатып алды. 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда АҚШ долларын сату көлемі бойынша белсенділік 35,0%-ға өскені, АҚШ долларын сатып алу көлемі 4,5%-ға төмендегені байқалды.

АҚШ долларын сатудың/сатып алудың орташа бағамы 2022 жылдың қаңтар-сәуір айында АҚШ доллары үшін 465,82/464,41 теңгені құрады (2021 жылдың сәйкес кезеңінде – 424,95/421,61 теңге).

2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда еуроны сату көлемі 1,9%-ға (2,3 млн. еуроға дейін) өсті, ал сатып алу көлемі 7,9%-ға (0,7 млн. еуроға дейін) төмендеген. Еуроны сатудың/сатып алудың орташа бағамы еуро үшін 516,01/517,44 теңгені құрады (2021 жылдың осы кезеңінде – 510,41/505,98 теңге).

Ресей рублін сату бойынша операциялар көлемі 24,2%-ға (241,6 млн. рубльге дейін), сатып алу көлемі 14,2%-ға (146,4 млн. рубльге дейін) азайды. Рубльдің сату/сатып алудың орташа бағамы 5,66/5,18 теңгені құрады (2021 жылдың ұқсас кезеңінде – 5,69/5,56 теңге).

Қытай юаньдарын сату көлемі 6,0 есеге (162,1 мың юань дейін), сатып алу көлемі 2,8 есеге (9,4 мың юань дейін) өсті. Юань сатудың/сатып алудың орташа бағамы 83,98/68,46 теңгені құрады (2021 жылдың осы кезеңінде – 67,13/44,87 теңге).

### Төлем карточкалары

2022 жылдың 1 мамыр деңгейіне Қызылорда облысында айналымға шығарылған төлем карточкалары 2,1%-ға өсіп, саны 1774,0 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету инфрақұрылымы жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны – 13 375,0 бірлік, банкоматтар – 426,0 бірлік, кәсіпкерлердің саны – 8157,0 бірлік. Төлем жүргізу үшін карточкамен қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 11857,0 бірлікке дейін артты.

2022 жылдың қаңтар-сәуір айы бойынша төлем карточкаларын қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 53088,5 мың транзакциялардың сомасы 595,7 млрд. теңгені құрады. (2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40,6%-ға өскен және 56,8% -ға сәйкесінше).

Төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма-қол ақша беру операциялары 2949,6 мың (10,2%-ға төмендеген), транзакциялардың сомасы 196,7 млрд. теңгені құрады (8,4%-ға өскен).

**Толық мәліметтерді төмендегі телефондар бойынша алуға болады: +7(724) 255 15 22, +7(724) 255 15 23. e-mail: kuz_80@nationalbank.kz**

**Қазақстан Ұлттық Банкі
Қызылорда филиалы**

## 2022 жылға арналған Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Исмағұлов Талғат Абдулхаисұлы | Басқарма басшысы | Сәрсенбі 16:00-18:00 |
| 2 | Қуандық Алтынай Қуандыққызы | Басқарма басшысының орынбасары | Бейсенбі 16:00-18:00 |
| 3 | Әжібеков Елжан Қалқазбекұлы | Басқарма басшысының орынбасары | Жұма 16:00-18:00 |

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2022 жылдың 30 наурызында қайтыс болған азамат Айтлесов Нургазы Шакзадаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.**

## Жарамсыз деп есептелсін

Райкулова Алтын Каршыгаевнаның атына «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК-ны (0910100 «Мейіргер ісі», 5АВ0910101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры») 2022 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБКД №0003519 дипломының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің баспасөз хатшысы, белгілі журналист Нұрбек Әмишаға қарындасы

**Аида Шынтемірқызының**

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Қазалы ауданы әкімінің 2022 жылғы «__» сәуірдегі №__ өкіміне 2 қосымша

## Республикалық Ғани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығын беру жөніндегі конкурстың ережесі

### 1. Жалпы ережелер

Республикалық «Ғани Мұратбаев» атындағы жастар сыйлығы (бұдан әрі – Сыйлық) Қазақстандық патриотизмді арттыруға елеулі үлес қосқан жас дарынды белсенділерді қолдау, Орта Азия мен Шығыс жастарының жалынды жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевтың ісі мен өнегесін өскелең ұрпаққа дәріптеу, кеңінен насихаттау мақсатында өткізіледі. Сонымен қатар, Сыйлық талантты жастарды ынталандыру және олардың айрықша сіңірген еңбегін тану мақсатында беріледі.

### 2. Сыйлықты беру тәртібі

1. Сыйлықты беру мақсаттары:

1) Қазақстан халқының бірлігін нығайту, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету;

2) Жастарды жан-жақты дамыту және қазақ тілін, мәдениетті, өнерді, дәстүрлерді, тарихи мұраны жастар ортасында насихаттау;

3) Қазақстанның жас патриоты бейнесін көпшілікке тарату.

2. Сыйақыларды тағайындау және дипломдар мен бағалы сыйлықтарды тапсыру рәсімі Қазалы ауданында өткізіледі.

3. Сыйлық иелерін анықтау және сыйлықтарды тағайындау комиссия (бұдан әрі – Комиссия) шешімімен жүзеге асырылады.

4. Комиссия құрамына облыс, аудан әкімі аппаратының жауапты қызметкерлері, депутаттар, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сала мамандары, БАҚ өкілдері кіре алады.

5. Конкурстың жұмысшы органы Қазалы ауданының әкімдігі (бұдан әрі – ұйымдастырушы) болып табылады.

6. Осы Ереже конкурсқа қатысуға үміткер барлық тұлғаларға танысу үшін ұсынылады және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

7. Жеңімпаздар байқауға қайта қатысуға 5 жылдан кейін ғана құқылы.

8. Сыйлық жылына бір рет, Комиссия шешімімен белгіленген номинациялар бойынша тағайындалады.

9. Үміткер бір ғана конкурстық өтінім беруге құқығы бар.

10. Әр номинация бойынша сыйлықтың қаржылай мөлшерін Қазалы ауданының әкімдігі белгілейді.

11. Конкурстық комиссияға жолданған материалдар қайтарылып берілмейді.

12. Сыйлық жеңімпазына республикалық «Ғани Мұратбаев» сыйлығының дипломы, омырауға тағатын белгісі және естелік сыйлығы беріледі.

13. Сыйлық 2022 жылдың маусым айының І-ші онкүндігінде өткізіледі.

### 3.Сыйлыққа қатысу шарттары

1. Сыйлыққа қатысушылар:

Сыйлықты алуға үміткер ретінде 35 жасқа дейінгі жоғары кәсіби жетістіктері бар Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады.

2. Сыйлық келесі бағыттар бойынша беріледі:

- мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктері (қылқалам шеберлері) үшін;
- білім және ғылым саласындағы жетістіктері үшін;
- әдебиет және журналистика саласындағы жетістіктері (ақын немесе шығармашыл жастар) үшін;
- спорт саласындағы жетістіктері үшін;
- мемлекеттік тіл саясаты саласындағы жетістіктері үшін;
- Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ісіндегі қоғамдық-саяси белсенділігі мен жетістіктері.

### 4. Өткізу кезеңдері

1. Бастапқы кезең.

Конкурсты өткізу және оған қатысу шарттары туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында 1 (бір) ай аралығында жарияланады.

2. Негізгі кезеңі.

Конкурсқа қатысушылар жазбаша нысандағы өтініш және материалдарын қағаз түрінде Ұйымдастырушыға ұсынады.

Конкурсқа үміткерлердің материалдары Ұйымдастырушының мекен-жайына келіп түседі.

Ұйымдастырушы Сыйлықты тағайындауға 10 күн бұрын материалдарды әр номинация бойынша бөліп, тізімін қалыптастырады және Комиссияның қарауына ұсынады.

Комиссия өз жұмысының нәтижелері бойынша Сыйлық жеңімпаздарын белгілейді.

3. Сыйлық бойынша номинациялардың саны 14 адамнан аспауы тиіс.

### 5.Үміткерлерді бағалау және іріктеу рәсімі

1. Комиссия сыйлыққа үміткерлерді таңдау кезінде келесі критерийлерді басшылыққа алады:

үміткердің қоғамда алатын орны мен беделі;

шығармашылық жобасының мән-мағына тұрғысынан тереңдігі;

қазақстандық патриотизмді нығайтуға қосқан үлесі;

ұлтаралық достастық пен келісімді нығайтуға тигізген әсері;

ұлттық мәдениетті, тілді, өнерді, салт-дәстүрлерді насихаттау мен жаңғыртуға қосқан үлесі;

жеке, кәсіптік, байқау жұмыстарымен жеткен жетістіктері үшін қоғамдағы танымалдылығы.

Комиссия шешім шығару барысында шығармашылық және кәсіби одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің пікірін ескеруге құқылы.

Комиссия шешімі ашық дауыс беру жолымен қабылданады және оған Комиссия мүшелерінің жалпы санынан басым бөлігі дауыс берсе, қабылданған деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешім хаттамамен ресімделеді.

### 6. Комиссияның құқықтары мен міндеттері

1. Комиссия:

барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасауға;

Сыйлық нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеуге міндетті.

Спектакльдерді, кино және телефильмдерді, бейнелеу өнерінің көрмелерін карауды, концерттік бағдарламалар мен музыкалық шығармаларды тыңдауды ұйымдастыру, сыйлыққа ұсынылғандардың қызметімен танысуға.

Комиссия:

Ұсынылған жұмыстар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, үміткерді конкурсқа қабылдамауға;

келіп түскен материалдарға баға беруге;

сыйлықты тағайындай отырып, конкурс қорытындыларын шығаруға;

комиссия мүшелері өз өкілеттігін теріс пайдаланғаны анықталған жағдайда сыйлық беру қорытындыларын жоққа шығаруға құқылы.

### 7. Үміткерлердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

1. Үміткер:

Сыйлықты өткізу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;

Ұйымдастырушы органынан осы Ереженің тармақтары бойынша түсіндірме алу үшін жүгінуге құқылы.

Осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделген материалдарды уақытылы ұсынуға;

Осы Ережеде көзделген шарттарды сақтауға міндетті.

Үміткер материалдар мен түйіндемеде көрсетілген ақпараттардың шынайылығына қойылатын талаптарды бұзғаны үшін, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген шарттарды сақтамағаны үшін жауапты болады.

### 8. Үміткерлердің дайындайтын құжаттары

- Өз саласы бойынша жоғары және жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін;
- Әлеуметтік маңызды жобалар және қоғамдық өмірге белсене қатысуы;
- Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру және жетілдіру бойынша қосқан жаңашыл бастамалары;
- Жеке басының жетістіктері;
- Облыстық, республикалық, сайыстарға қатысуы және жеңімпаз аталуы;
- Жұмыс орнынан /оқу орнынан/, саласы бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардан ұсыным хаттары (қол жеткізген жетістіктері мен марапаттарын көрсете отырып);
- Түйіндеме (қазақ тілінде, 3х4 фотосуретімен);
- Өмірбаяны;
- Жұмыс орнынан /оқу орнынан/ анықтама;
- Орта арнаулы немесе жоғары білімі туралы диплом (көшірмесі);
- Жетістіктері (алғыс хаттары, мақтау қағаздары, дипломдары және т.б) сканер арқылы жасалған көшірмелері;
- Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өткізген, қатысқан шаралары жайлы мәлімет, жарияланған мақалалар, жүзеге асырған жобалары және басқа да ұсыныс, кепілдеме хаттары;
- 10х15 фотосуреті (1 дана, электронды нұсқасымен);
- Жеке куәлігі (көшірмесі), тұрғылықты мекен-жайы бойынша анықтама.

Құжаттар беттеліп, бекітіліп, ұсынылуы қажет (портфолио түрінде).

Құжаттар «Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ-не тапсырылады.

**Ескерту:** Тапсырылған құжаттар рәсімдеу талаптарына сәйкес келмеген немесе толық ұсынылмаған жағдайда қараусыз қалдырылатын болады.

**Қосымша ақпараттарды:
Ж.Нұрмұхамедұлы көшесі №130,
Қазалы ауданы әкімдігі ғимаратының
2-қабатында орналасқан «Қазалы ауданының
ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінен алуға болады.
Телефоны: 8/724 38/ 79-2-80, /6920, 6921, 6922/.**

## Хабарландыру

**Республикалық Ғани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығына құжаттар тапсыратын үміткер жастардың назарына!**

2022 жылдың маусым айының І онкүндігінде Ғани Мұратбаевтың 120 жылдығына орай өткізілетін республикалық жастар сыйлығына құжаттар тапсыру мерзімі үстіміздегі жылдың маусым айының 30-на дейін ұзартылғандығын хабарлайды.

Жеңімпаздарды марапаттау шарасы 2022 жылдың 12 тамыз «Жастар күні» қарсаңында өткізіледі.

**Сыр өңіріндегі «Қарақат» мектеп студиясының ашылғанына 3 жыл толды. Осыған орай Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында мерекелік кеш өтті.**

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

# ӨНЕРГЕ ТАЛПЫНҒАН ӨРЕНДЕР




Думанды кешке әнші, продюсер Қыдырәлі Болманов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қарақат Әбілдина және қала әкімінің орынбасары Ақзира Қасымова қатысты.

Бүгінде аталған ұжым талай жеткіншекті өнер жолына қанаттандырып, болашақ өміріне бағыт-бағдар беріп келеді. Кішкентай балғындардың талабын шыңдаған «Қарақат» мектеп студиясы еліміздің 12 қаласында ашылып, қазақтың ән өнерін дәріптеуге үлес қосуда. Мұнда тәлім алған шәкірттер халық аспаптарында ойнайды. Оған мерекелік кешке жиналған көрермен куә болды.

Мерекелік концертте «Жетіген», «Вокал», «Би», «Сурет», «Актёрлық шеберлік», «Домбыра», «Дәстүрлі ән» үйірмелерінің шәкірттері өнер көрсетіп, қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ, «Қарақат» тобының мың бұралған қыздары «Той думан», «Лабутен», «Жайлауда» атты билерімен кештің көркін аша түсті. «Вокал» үйірмесінің бүлдіршіндері Бейбіт Оралұлының «Толғау» атты әнін шырқаса, «Жігер» тобының жеткіншектері «Пай-пай» әнімен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. «Домбырашылар» ансамблінің орындауында «Секіртпе» күйі күмбірлеп, «Актёрлық шеберлік» үйірмесінің шәкірттері «Қасқыр» қойылымымен ерекше әсер қалдырды.

– «Қарақат» мектеп студиясы үш жылдан бері Сыр елінде тынымсыз еңбек етіп келеді. Өнерге талпынған әр бүлдіршіннің талантын ашуға күш салып жүрген ұжымның алар асуы биік, жетістіктері көп болсын. Өнер ұжымының үшжылдық мерейтойына арнайы келген Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдинаға алғыс айтамын. Талапты да дарынды жеткіншектердің өнері өрге жүзіп, еліміздің беткеұстар азаматы болуына тілектеспін, – деді қала әкімінің орынбасары.

Мұнан соң кеш қонақтары және «Қарақат» мектеп студиясының директоры Алтынай Ерболатқызы кішкентай бүлдіршіндерге жылы лебіздерін жолдап, сәттілік тіледі.

Кеш соңында Ақзира Бақтыбайқызы қос әншіге қала әкімінің Алғыс хаты мен арнайы сыйлығын табыс етті.

БЕЙБІТБЕК БҮРКІТБАЕВ –70

# Қарымды қалам иесі

**Ел ішінде «төртінші билік» атанып кеткен журналист мамандығының жауапкершілігі жеңіл емес, екінің бірі еңсеріп кете алмайды. Олай болатын себебі, қоғамның қабағын аңдап, осы тұрғыда көпті толғандырған мәселені қозғап, билік пен бұқара арасында байланыс орнату үшін журналистің білімімен қоса ар тазалығы басты орында тұруы тиіс. Қоғам талқысындағы қандай бір мәселеде ақиқат пен жалғанның ара жігін ажыратып, мемлекет мүддесіне келгенде әркез әділетті шешім қабылдануына дәнекер болу – журналист үшін бұлжымас қағида.**

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Бейбітбек Бүркітбайұлы – осы салада ұзақ жыл үздіксіз қызмет атқарып, абырой биігіне көтерілген азамат. Алғашқы еңбек жолын Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінен бастаған ол республикалық «Алтын Орда», «Заң газеті», халықаралық «Қазақстан – Заман» сияқты беделді басылымдарда қызмет ете жүріп, қоғамдағы өзекті тақырыптарды қаузап, бұқараның мұң-мұқтажын толғап, баспасөз бетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Бейбітбек Бүркітбайұлы 1952 жылы Қармақшы ауданына қарасты Ленин ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1960-1970 жылдары Жалағаш ауданындағы бұрынғы «1 Май» ауылдық кеңесі, қазіргі Мәдениет ауылы, І.Қабылов атындағы №32 орта мектепті бітірді. Арманы биік ауыл баласы 1979 жылы Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқып, журналист мамандығын алды. Оқу орнының жолдамасымен Жалағаш аудандық басылымына жұмысқа қабылданады. Ол уақытта «Жаңадария» газетін Қален Әбдешев басқаратын. 1980-1986 жылдар аралығында осы қарашаңырақтағы журналистермен қатар еңбек етіп, қаламы төселген ол кейін аудандық баспаханаға директор болды. Ол кезде жолдамамен келген жас мамандарға міндетті түрде үй берілетін. Оның үстіне мерзімді басылымдардың беделі өте жоғары болды. Жергілікті атқарушы билік баспасөздің көтерген мәселесімен санаса отырып, әрбір жазылған сынды жауапсыз қалдырмайтын. Журналистің қаламына ілінген келеңсіздікті шұғыл зерттеп, тиісінше айыптылар жазаланатын. Сондықтан журналистерге деген көзқарас та бөлек еді.

– Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетіне қызметке келген жылы аудандық партия ұйымының бірінші хатшысы Қ.Қазантаевтың қолдауымен екі бөлмелі пәтер алдым. Әлеуметтік тұрғыда қолдау бар, демек еш алаңсыз еңбек ету керек. Осылайша жергілікті басылымдағы шығармашылық ортада жүріп, журналистік жұмыстың қыр-сырына қанығып, көп тәжірибе жинақтадым.

Ол кезеңде негізгі өндіріс орны саналатын баспахана қызметінің экономикалық маңызы ерекше болатын. 1986 жылдан бастап аудандық, ал 1989-1999 жылдар аралығында облыстық баспаханаға басшылық еткен уақытымда талап деңгейіне сай өнім көлемін арттырумен қатар, онда еңбек етіп жатқан жұмысшыларға лайықты жағдай жасауды да басты назарға алдық, – дейді Б.Бүркітбайұлы.

Ардагер-журналистің айтуынша, әр газеттің өзіндік ерекшелігі, сондай-ақ, қалыптасқан бет-бейнесі бар. Сол себепті оның қабырғасында еңбек еткен жандар басылымның ұстанымына бейімделуі қажет. Бұл орайда республикалық «Заң газеті», ҚР Бас прокуратурасының «Құқықтық Қазақстан» газетінде қызмет атқарған кәсіби журналист Бейбітбек Бүркітбайұлы да еңбек дауында құқығы бұзылып, қысым көрген жандардың заң тұрғысынан қорғалуына ықпал еткен екен. Осы тұста ойға оралған сауалымызды қойдық.

– Аға, адам баласының қоғамда өз бейнесінің қалыптасуына мамандығының айтарлықтай әсері бар ғой. Ал, сіз үшін журналистік сала дұрыс таңдау болды ма?

– Иә, әрине. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін жұмыс қой. Жалпы журналист барлық саланың тыныс-тіршілігінен хабардар болуы керек. Бұл мамандықтың тағы бір ерекшелігі – жасың ұлғайса да жұмысың тоқтамайды. Қаламың қолында, қоғам үшін маңызды мәселе болса бейтарап қалмай, қай уақытта да араласуыңа болады. Ал, басқа мамандықтарға келсек, зейнеткерлік жасқа жеткенде жұмысы өз-өзінен тоқтайды.

Киелі қаламды жанына серік еткен Бейбітбек Бүркітбайұлының өткен жылы «Алаңжар» атты туындысы жарыққа шықса, «Зәнзіл зар» деп аталатын екінші кітабы баспадан шығуға жақын. Бұл кітаптарда автордың өмірінің мағыналы кезеңін ой елегінен өткізіп, өзінше пайымдаған тәрбиелік мәні бар түрлі жазбаларын, сол сияқты, көңілдің кейбір сәттерінде өлең жолдарымен өрілген ішкі дүниесінің сырларын аңғаруға болады. Мысалы:

– Сағым болып, бал бұлақтан
өпкен леп,
Тұра бермес табиғат та
көктем боп.
Болса-дағы өктемсіген
бектер көп,
Ала шапқын күндер босқа
өткен жоқ.

...Кешегі күй, кешегі ән,
жыр қандай,
Не көрмеді лажсыздан
бұл маңдай?
Мәңгі өмір – теңізі жағасында
Халіміз бар, қайық
күтіп тұрғандай,

– деп төгілген ойлы шумақтардың мазмұны тым тереңде жатыр.

Қаламгердің өмірлік жары Күләйша Көшербаева да еңбек жолын баспасөз саласынан бастап, кейін ұстаздық қызметпен жалғастырды. Ал, балалары өз мамандығына сай әр салада қызмет етіп жүр.

Бүгінде 70 жасқа толып отырған әріптесіміз Бейбітбек Бүркітбайұлының баспасөз саласына сіңірген көп жылғы еңбегі зая кеткен жоқ, өз деңгейінде бағаланды. Бұл күнде ол – ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, бірнеше мерекелік медальдардың иегері, ҚР Бас прокуратурасының, ҚР Жоғарғы сотының, ҚР Ақпарат және келісім министрлігі, Қызылорда облысының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

**Дүниежүзілік донор күніне орай облыстық қан орталығының ұйымдастыруымен шара өтті. Оған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, бірқатар мемлекеттік мекемелер өкілдері мен донорлар қатысты.**

# Шапағаты мол шара



Басқарма басшысы айтулы күнмен жиылғандарды құттықтап, қан тапсыруда белсенділік танытып жүрген мекемелер мен тұрақты донорларға «Алғыс хат» тапсырды. Сондай-ақ, «Балалар жылына» орай «Мен – болашақ донормын» тақырыбында қан орталығы қызметкерлері балаларының қатысуымен көркемсурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қатысқан өнерлі балғындарға да арнайы «Алғыс хаттар» табысталып, сыйлықтар берілді.

Донор күні аясында Төлен ата мешітінде «Өзгеге өмір сыйла» көшпелі акциясы өтіп, жұмада жамағат жұмылып қан тапсырды. Мерекелік шарада мешіт имамы Ғалымжан Оразәліұлы да сөз алып, донор болудың маңызына тоқталды.

Мерекелік акция аясында өнерлі балғындар тақпақ айтып, әннен шашу шашты.

Жалпы, былтыр 6151 донор қан тапсырса, биылғы 5 айда олардың саны 3455-ті құрап отыр. 200 тұрақты донор бар. Акция аясында таңертеңнен түске дейін 70 донор қан тапсырды.

Аталған акцияның мазмұнды өтуіне «Қызыл ай» қоғамының облыстық филиалы да атсалысты. «Қан тапсыру – бұл ынтымақ. Донор болыңыз және өмірді сақтаңыз» ұраны аясында филиалы қызметкерлері донорлықты насихаттайтын ақпараттарды бөлісіп, қан тапсырушыларға арнайы футболкалар мен бас киімдер үлестірді, сый-сияпат жасады.

**«СБ» ақпарат**

SERGEK

ФУТБОЛ

# Қазақстан құрамасы көш басында

**Футболдан UEFA Ұлттар лигасының төртінші туры мәресіне жетті. Енді құрамалар қыркүйек айында қалған екі тур ойындарын өткізеді.**

С лигасы үшінші тобында сынға түсіп жатқан Қазақстан құрамасы үздік нәтижесімен жанкүйерлерді таңғалдырып отыр. Қазірге дейінгі төрт кездесуде қазақстандық футболшылар турнир кестесінде 10 ұпаймен көш басында тұр.

Ұлттық құраманың қарсыластары да осал емес. Жеребе нәтижесі белгілі болған сәтте жанкүйерлер аталған топта Словакия көш тізгінін ешкімге бермейді деген жорамал айтқан еді. Олар Қазақстанды әлсіз құрама қатарына қосты. Десе де қазақстандық футболшылар әзірге еуропалық жанкүйерлерді таңғалдыратын нәтижеге қол жеткізді. Төрт ойында үш мәрте жеңіске жетіп, бір мәрте тең нәтижеге қанағат білдірді.

Құрамында кәрікұрлықтағы белгілі клубтарда доп тебетін тәжірибелі футболшылары бар Словакия құрамасы Қазақстанға екі ойында 0:1, 1:2 есебімен жол берді.

Одан бұрын елордада Әзербайжанды 2:0 есебімен жеңген отандастарымыз әзірге тек Беларусьпен 1:1 есебімен тең ойнады.

Осылайша турнир кестесінде ұлттық құраманың жағдайы тәуір болып тұр. Енді олар 22 қыркүйекте өз алаңында Беларусьті қабылдаса, 25 қыркүйекте сырт алаңда Әзербайжанмен кездеседі. Екі ойынның бірінде жеңіске жеткен жағдайда алдағы уақытта В лигасында сынға түсуге жолдама алады.

**«СБ» ақпарат**

**Ел құрметіне бөленген парасатымен, биік адамгершілігімен, аққөңіл, ақжарқын мінезімен даралanған Айекеңнің өткен өміріне көз жүгіртер болсақ, қазақтың әр азаматына үлгі-өнеге боларлықтай ғибратты ғұмыры кестеленіп жатыр.**




Айтулы азаматтың балалық шағы Сыр өңіріндегі Қармақшы ауданында қазіргі Тұрмағамбет ауылынан бастау алды. Жұбайы Қадиша Асқарқызы да текті тұқымнан шыққан. Айекең оқығаны, көңілге тоқығаны көп, арғы-бергі тарихтан мол мәліметі бар, пайым-парасатты үлкен азамат еді. Өзін қоғам өмірінің тыныс-тіршілігінен бөліп қараған емес.

Өмірден өткен бабаларымызға зиярат етіп, олардан қалған даналық сөздер мен өлеңдерді, мақал-мәтелдерді сол қалпында кейінгі ұрпаққа жеткізудегі еңбегі ерекше. Адамдарға қол ұшын созу, қайырымдылық көрсету Айекең мен Қадишаның күнделікті әдетіне айналды.

Бұдан 30-40 жыл бұрын Алматы қаласында тұратын қармақшылықтар жоқтың қасы болатын. 1968 жылы арнаулы жолдамамен Алматы қаласындағы Құрылыс бұйымдары өнеркәсібі министрлігі зауыттарының біріне бас инженер қызметіне жіберіліп, ұзақ жыл жұмыс жасағанын жақсы білеміз. Сол кездің өзінде Айекеңнің үйіне бара қалсаңыз, отырарға орын таппайсыз. Ауылдан Алматыға келіп оқып жатқан студент балаларды Айекең мен Қадиша туыс, туыс емес деп бөліп-жарып, жатырқап көрген емес. Олардың Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында білім алуына қол ұшын беріп, үлкен қамқорлық жасаған.

Бала кезімізде оның Шымкент қаласында Қазақ технологиялық институтында оқып жүрген студент шағында бокстан қалалық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлде алып жүргеніне қызыға қарайтын едік. Бірде тетелес ағасы, Семей медицина институтының түлегі Өмірбек Жалбыров інісімен жолаушылар пойызының төбесінде танысқанын айтқан еді. Ол кезде билет алуға студенттердің қалтасы көтере бермейтін. «Айекеңмен Түркістан тұсы ма, есімде жоқ, пойыз үстінде танысып, ағалы-інілі екенімізді біліп едік» деп отыратыны әлі есімізде.

Айысбек Тәуенов халықшыл азамат болатын. Елде торқалы той, топырақты өлім болғанда қалмай келіп, үлкендігін жасайтыны кейінгілерге өнеге деп білеміз. Үлкен жиын-той, басқосуларда ата-ағаларынан естіген, көңілге тоқығандарын мысалға ала отырып, нақышына келтіріп, кесек-кесек жақсы әңгімелер айтқанын, соңынан ерген інілері бізге, бізден кейінге ұрпаққа өнеге демей не дейміз?!

Ол Шымкент Қазақ технологиялық институтын «Силикаттар технологиясы» мамандығы бойынша бітіріп, әуелі Қарағанды қаласына, кейін Алматы кірпіш зауытына бас инженер ретінде жіберілді. Бір жерде 20 жылдай жұмыс жасайды, 1978-1980 жылдары Қазақ ССР Мәдениет министрлігі жанындағы «Казреставрация» мекемесінде бас директор қызметінде жүргенде Түркістандағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Яссауи, Жамбылдағы Айша бибі кесенелерін, Жаркенттегі Уәлі бай мешітін, Алматы облысындағы Жамбыл музейін, тағы да басқа көптеген тарихи-мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіруге қатысты.

Өзінің туған жеріне де қол ұшын беруден құр қалмады. «Қармақшы» кеңшарында, тағы да басқа шаруашылықтарда кірпіш шығаратын зауыт салуға көп жәрдем жасағанын жерлестері әлі ұмыта қойған жоқ. Осындайда бір мысал ойға келер еді. Құнарлы топыраққа түскен дән қаулап тез өнеді, сортаң, құнарсыз жерге түскен дәннің тез өнуі, жетілуі қиын. Айекеңнің өткен өмірі де осы мысалдағы дән сияқты. Мұндайда өмір белсенділігі, бұрылысты сәттерде жақсы ортада тәрбиелену өте маңызды болғанын айту парызымыз.

Айекең Қадиша екеуі үш ұл тәрбиелеп өсіріп, бес немере сүйді. Үлкені Қайрат, оған тете Марат, кішісі Қанат – бәрі де ержеткен азаматтар. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, інілеріміздің үлкеннің алдын кеспей, нағыз ел азаматтары болып өсіп келе жатқанына қуанамыз.

Жақында асыл азаматтың дүниеден озғанына он жыл толуына орай ас берілді. Асқа жиналған қауым жақсы адамның тірлікте атқарған істерін кейінгіге үлгі етіп айтып, рухына дұға бағыштады. Ізіне өнеге қалдырған адамның ісі де, аты да өшпейтініне тағы да көзіміз жетті.

**Нұртілеу САЛЫҚОВ,
Қармақшы ауданының
құрметті азаматы**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 26086 Тапсырыс №978 Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**